

**Қарағанды облысының Приозерск қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 6 /42 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 маусымда № 6451-09 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 696-3 бабының 5-тармағына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 %-дан 2 %-ға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*А. Исатаев*